



## ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2019 ж. Наурыз айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (4,8%)
- Metallургия өнеркәсібі екінші ай қатарынан теріс динамикамен сипатталады
- Көлік және байланыс қызметтерінде өсу қарқынының баяулауы байқалды
- Негізгі капиталға инвестициялық салымдардың өсуі қайта басталды
- Тұтынушылық шығыстары тұрақты өсімді көрсетуді жалғастыруда

### I. ИНФЛЯЦИЯ

2019 жылғы наурызда инфляция 0,5% құрады (2019 жылғы ақпан айымен салыстырғанда).

**Азық-түлік тауарларының** бағасы өткен аймен салыстырғанда 1,0% - ға өсті. Негізгі үлес көкөністер, нан өнімдері сияқты тауарлар топтарына тиесілі, олар бір айда 5,5% және 1,4% қымбаттады. Көкөніс құнының өсуі ішкі өндіріс қорының сарқылуы аясында қымбат импортпен байланысты. Бидай бағасының өсуінен туындаған ұнның қымбаттауы барлық нан-тоқаш өнімдері құнының артуына алып келді.

**Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 0,3%-ға өсті. Киім, аяқ киім мен дәрі-дәрмек бағасының өсуі азық-түлік емес тауарлардың инфляциясына жоғары қысым көрсетті. Бұл өсім нарықтағы ұсыныстың артығымен байланысты бензин бағаларының төмендеуімен өтелді.

2019 жылдың наурыз айында **қызметтердің бағасы** екі айлық төмендеуінен кейін 0,2% - ға өсті. Бағаның едәуір өсуі көлік қызметтеріне, атап айтқанда темір жол көлігі қызметтеріне (4,0% - ға өсті), сондай-ақ аурухана қызметтеріне (1,7% - ға өсті), қоғамдық тамақтандыру қызметтеріне (0,5% - ға өсті) белгіленді.


**Жылдық инфляция** 2019 жылдың наурыз айында 4,8% құрады. 2018 жылдың наурыз айымен салыстырғанда азық-түлік тауарлары 6,7% - ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 6,0% - ға, ал қызметтер 1,2% - ға қымбаттады.

Халықтың бір жылдан кейін күтіліп отырған инфляцияға қатысты жауаптарының нәтижелері бойынша **инфляциялық күтулер** 2019 жылдың наурыз айында төмендеді және 4,5% - ды құрады, бұл ағымдағы инфляцияның төмен нәтижеде сақталуымен және валюта бағамының салыстырмалы тұрақтылығына байланысты.

Сұралғандардың 73,4% - ы 2019 жылдың бірінші тоқсанында бағалар ағымдағы қарқынмен өседі деп санайды. Баға тез өсетін болады деп есептейтіндердің үлесін ұлғайғанын атап өткен жөн.


Ұлттық Банктің болжамдары бойынша 2019 жылы жылдық инфляция 4-6% нысаналы дәліз ішінде сақталады.

1-график. Тұтыну бағалары индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



## II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК алдын ала деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2018 жылы бойынша нақты көрсеткіші 4,1%-ға ұлғайып 58,8 трлн. теңгені құрды.


2018 жылы бойынша ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (4,6%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (4,0%-ға), көтерме және бөлшек сауда (7,6%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,6%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,7%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

**ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша** 2018 жылдың 9 айы қорытындысы бойынша **4,1%-ға** өсті.

ЖІӨ-нің өсуіне негізгі үлес таза экспорт пен жалпы капиталдың қалыптасуы есебінен болды, бұл әлемдік тауар нарықтарындағы баға жағдайының жақсаруына және негізгі капиталдың жинақталуына байланысты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

4-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

5-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

## III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2019 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша **қысқа мерзімді экономикалық индикатор** 104,2% құрады.

Көрсеткіштің одан әрі өсуі экономиканың барлық салаларында оң динамикамен сүйемелденді. Көрсеткіштің өсуіне ең көп үлес қосқан өсімнің қалпына келуі аясында **өңдеу өнеркәсібі**, Қашаған кешенінде жөндеу жұмыстарының басталуына байланысты **құрылыс саласы**, сондай-ақ шикі мұнай өндіру және оны сату көлемінің ұлғаюына байланысты **тау-кен өнеркәсібі** болған.

Инвестициялық тауарларды сатып алудың өсуі аясында **негізгі капиталға инвестициялар** қосымша қолдау көрсетті.

Еңбек нарығында ақшалай табыстар мен жалақының өсуі аясында оң серпін сақталуда.

6-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

\* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



7-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың максималды мәні аймақтық деңгейі бойынша (ҚЭИ) **Атырау облысында** қалып отыр. Бұл өсу шикі мұнайды өндіру мен көтерме сауда көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ көліктік қызмет көрсету мен құрылыстың жақсы көрсеткіштеріне байланысты болды. Жыл басынан бері байланыс қызметтерінің көлемінің төмендеуі аймақтың дамуына кері әсерін тигізуде.

ҚЭИ-ң ең үлкен төмендеуі **Маңғыстау облысында** орын алды, бұл өнеркәсіпте, құрылыс, сауда және байланыс көлемінің төмендеуіне байланысты.

**Қарағанды облысы** өнеркәсіпте өндіріс көлемінің азаюына: шойын, алмаспайтын болат, жазық болат және оқшауланған сым өндіруі әсер етті.

**Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында** ҚЭИ-ң төмендеуі, ең алдымен, өнеркәсіпте өндіріс көлемінің, атап айтқанда, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру көлемдерінің төмендеуіне байланысты.

#### IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2019 жылдың қаңтар-наурыз айлары бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,2%-ға артты. Өнеркәсіп өндірісінің өсуі еліміздің 13 өңірінде байқалды.

Қарағанды облысындағы көмір мен лигнит, сондай-ақ Қызылорда облысындағы шикі мұнайды өндірудің төмендеуі нәтижесінде **тау-кен өнеркәсібіндегі өсім 4,8%-ды** құрды, бұл 2019 жылдың қаңтар-ақпан айлармен салыстырғанда біршама төмен. Тау-кен өнеркәсібінің өсуіне оң үлесін кен орындарында шикі мұнайды (2,7%-ға) және табиғи газды (4,0%), сондай-ақ металл кендерін (12,8%) өндіру тигізді.

Өңдеу өнеркәсібі өндіріс көлемінің өсуі 1,6% құрды. Оң үлесін азық-түлік өндірісінің артуы (өсім 1,3%), кокс және мұнай өнімдерін өндіруі (3,3%) және машина жасау (10,0%) әсерін тигізді. Төмендеудің айтарлықтай үлесін металлургия өнеркәсібі (төмендеу 3,3%-ға), негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру (6,7%), темекі өнімдері (12,5%).

**Көліктің барлық түрлерімен жүк айналымы** 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларында 2,1% -ды құрды. Өнеркәсіптің өсуіне оң әсерін теміржол (1,1%-ға өсім), автомобиль (7,9%) және мұнай құбырлары (1,2%) көліктерінің қызметтері қамтамасыз етті. Жолаушылар айналымы теміржол мен автокөлік жолдары мен қалалық көліктердің өсуі нәтижесінде 4,0%-ға өсті.


**Құрылыс саласы** күрт өсті. 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларында өсім 8,9%-ты құрды. Құрылыс жұмыстарының ең үлкен көлемі елдің көліктік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту (автомобиль жолдарын, жолдарды, теміржолдарды, көпірлер мен тоннельдерді салу) бойынша жүргізілді. Өндірістік объектілер мен инженерлік құрылыстарды салу және жөндеу бойынша жұмыстардың айтарлықтай көлемі жүргізілді. Құрылыс жұмыстарының төмендеуі Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында және Ақмола, Маңғыстау облыстарында байқалды.

**Ауыл шаруашылығы** өндіріс көлемінің ұлғаюы 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларында 3,6%-ға өсті. Өнеркәсіптегі өсімнің негізгі қозғаушы күші мал шаруашылығы (3,8%-ға өсім) болып табылады, бұл малдың және құстың тірі салмақта сойылу және де сиыр сүті мен тауық жұмыртқасының көлемінің ұлғаюына байланысты. Сонымен бірге өсімдік шаруашылығы өнімдерінің көлемі өзгеріссіз қалды.

**Тауарлар мен қызметтерді сату** көлемі 2019 жылдың қаңтар-наурызында 7,2%-ға өсті. Нақты ақшалай табыстың өсуіне, сондай-ақ тұтынушылық сұраныстың өсуіне байланысты бөлшек тауар айналымының өсуі 4,8%-ды құрады. Көтерме сауданың 8,2%-ға өсуі азық-түлікке жатпайтын тауарлар, оның ішінде шикі мұнай мен металдар сату көлемінің артуымен байланысты болды.

**Байланыс саласы** біртіндеп баяулауды жалғастырды, 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларында 0,2%-ға өсті. Интернет қызметтері, сондай-ақ телекоммуникация қызметтері байланыс саласында ең танымал түрлері болып қала береді.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж





### V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Есепті кезеңде негізгі капиталға инвестициялар 2,1 млрд.теңгені құрап, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 7,0% -ға ұлғайды (8-кесте).

Инвестициялық салымдардың өсуі өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда өнеркәсіпте (13,4% - ға), ауыл шаруашылығында (37,9% - ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (2,9% - ға) байқалды. Өңдеуші өнеркәсіпке (46,6% - ға), көтерме және бөлшек саудаға (13,4% - ға), көлік қызметтеріне (27,0% - ға) инвестициялар айтарлықтай төмендеді.

Инвестициялардың едәуір бөлігі өнеркәсіп секторын дамытуға (инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес 68,6% - ға тең), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (үлес 12,5% - ға тең), көлік және қоймалауға (үлес 7,1% - ға тең), ауыл шаруашылықты дамытуға (үлес 2,7% - ға тең) және де саудаға (үлес 1,7% - ға тең) бағытталады. Басқа саларғы, соның ішінде білім беру саласына, денсаулық сақтауға және де өнерді дамытуға инвестициялар үлесіне ең көбі 1,0% - дан келеді.

Инвестициялардың шамамен 40,5%-ы ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге, 33,4%-ы өзге шығындарға, 26,1%-ы машиналар мен жабдықтарды сатып алуға және оларды күрделі жөндеуге бағытталады. Көрсетілген шығындарда 47,3% Атырау облысына тиесілі.


Негізгі капиталға инвестициялардың шамамен 37,0% шикізаттық емес секторға (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда) жіберілді.

Инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялар үлесі 63,8 %, сыртқы инвестициялар – 36,2% құрады.

Инвестициялардың басты көзі бұрынғысынша кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қалуда (9-кесте).

*Анықтама: 2018 жылғы 4 тоқсанда Ұлттық банк жүргізген экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша айналым және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы қаражатының жетіспеушілігін, басқа кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестікті, өнімге сұраныстың жеткіліксіздігі мен пайданың жеткіліксіздігін атап өтті (10-кесте).*

### 8-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша


### 9-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар



ҰЭМ СК деректері бойынша

жауаптар %-бен

### 10-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша



## VI. Сыртқы сауда айналымы

2019 жылдың қаңтар-ақпан айлары бойынша сыртқы сауда айналымы 7,5%-ға өсті, оның ішінде экспорт 11,1%-ға, импорт 0,3%-ға ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп 70% - дан астам үлесі минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 15,9%-ға өсті (өткен аймен салыстырғанда өсу баяулады, қаңтардағы өсу 45%-ды құрады). Бұл баяулау елімізде шикі мұнайды өндірудің баяулауына байланысты болды (2019 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда мұнай өндірісі 9%-ға азайды). Экспорт құрылымында жануарлар мен өсімдік өнімдері (14,2%-ға), химия өнеркәсібінің өнімдері (13,5%-ға), ағаш және орман өнімдері (26,0%-ға), құрылыс материалдары (4,5%-ға), машина және жабдықтар (48,7%-ға) және өзге де тауарлар топтары (94,9%-ға) айтарлықтай өсті. Сонымен қатар өзге тауарлар тобы бойынша экспорттың төмендеуі байқалды.

ЕО елдері (үлесі 46,7%), Қытай (үлесі 13,7%), ТМД елдері (үлесі 14,2%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 7,7%.

Жоғары тұтынушылық белсенділік аясында импорт құрылымында жеңіл өнеркәсіптің негізгі тауар топтары бойынша өсу байқалды, соның ішінде аяқ киім, бас киімдер, галантереялық бұйымдар (43,7%), текстиль бұйымдары (22,1%), терілер (14,2%) импорты ұлғайды. Сонымен қатар ағаш және ағаштан жасалған өнімдер (өсу 56,9%), химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 9,4%) машина, жабдық құралдар мен құрылғылар (өсу 2,0 %) импорты ұлғайды. Отын-энергетикалық өнімдер (43,4%-ға), жануарлар мен өсімдік өнімдерінің (5,4%-ға) және металдар мен олардан жасалған бұйымдар (1,6%-ға) импортының төмендеуі байқалды.


Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 41,9%), ЕО елдеріне (үлесі 16,2%) және Қытайға (үлесі 17,0%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

## VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

13-график. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2018 жылғы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Армения, Әзірбайжан және Қырғызстан). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Молдовада тіркелді. 2018 жылғы 2-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты, ал Тәжікстанда - саудада және өнеркәсіпте.



**VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық**  
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,3%-ға өсіп 8695 мың адамды құрады (экономикалық белсенді халықтың 95%). 2019 жылдың наурыз айында жұмыспен қамтылған халық саны 8756,3 мың адамды құрады.


Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың саны көтерме және бөлшек саудада 5,9%-ға, денсаулық сақтауда 2,1 %-ға, білім беруде 2,8%-ға өсті. Сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде 0,8%-ға және көлік және қоймалауда 3,1%-ға өсуі байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі тау-кен өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында байқалды.

Жұмыспен қамтылған халықтың 15,9 %-ы саудада, 14,1 %-ы ауыл шаруашылығында, 12,6%-ы білім беруде, 12,7 %-ы орналасқан.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Манғыстау облысында (10,2%-ға өсті), Алматы (2,5%-ға) және Астана (2,0%-ға) қалаларында байқалды.


2019 жылдың наурызында жұмыссыздық деңгейі 4,8% құрады (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында ресми тіркелген жұмыссыздар саны 143,5 мың адамды құрады (жұмыс күшінен 1,6%).

**14-график. ЭҚТ бойынша жұмыспен қамтылған халықтың өсім құрылымы**




ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

**15-график. Өңірлер бөлігінде СЭҚ бойынша жұмыспен қамтылған халықтың өсім құрылымы**



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

**16-график. Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны бойынша жұмыспен қамтылған халық, %-дық үлесі**



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

2018 жылдың төртінші тоқсанында бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз құрайтын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі өткен тоқсандарға қарағанда төмендеуін жалғастырды. 2018 жылғы төртінші тоқсанында аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,2%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 41 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 20,6%-бен сақталуда.

Бір аптада 36 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2018 жылғы төртінші тоқсанында үлесі 71,7% болды.



### IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2019 жылдың наурыз айында Статистика комитетнің алдын ала деректері бойынша бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 8,8%-ға ұлғайып, 172,1 мың теңгені құрады.

Номиналды жалақы 2018 жылдың төртінші тоқсанында 7,5%-ға, нақты жалақы 2,1%-ға өсті, ал 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында номиналды жалақы – 8,4%-ға және нақты жалақы 2,3%-ға өсті.


Халықтың жан басына шаққандағы нақты ақшалай табыстары Статистика комитетінің алдын ала деректері бойынша 2019 жылдың ақпан айында 8,5%-ға, қаңтар-ақпан айлары бойынша 9,4%-ға ұлғайды.

Салалар бөлігінде 2018 жылғы 4-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (16,4%-ға), қаржы және сақтандыру ісінде (9,6%-ға), ауыл шаруашылығында (8,2%-ға), тау-кен өндірісінде (2,4%-ға), өңдеу өндірісінде (6%-ға) тіркелді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (2,8%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (1,6%-ға) және құрылыста (0,9%-ға) төмендеу байқалды.


2018 жылғы 4-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Атуырау облысында (320,5 мың теңге), ең төменгі мәні – Түркістан облысында (109,7 мың теңге) тіркелді.

2018 жылдың 9 ай қорытындысы бойынша экономикадағы еңбек өнімділігі 2,9%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім құрылыста (9,9%-ға), ауыл шаруашылығында (7,9%-ға), өнеркәсіпте (3,5%-ға өсті), көлікте (2%-ға) және қаржы және сақтандыру саласында (3,3%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында нақты жалақының өсімі еңбек өнімділігінің өсу қарқынынан асқанының атап өткен жөн (құрылыс және ауыл шаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша